

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

4. Құрметті Мәшһүр аға //Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. / Жауапты редакторы: С.С.Қирабаев. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
5. Бектұр Аймауытов (естелік). //Естеліктегі Алаш: әдеби-танымдық басылым / Құрастырған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: Tengri Ltd, 2018. – 667 бет.
6. Әбілев Д. Жүсіпбек аға (естелік) // Естеліктегі Алаш: әдеби-танымдық басылым / Құрастырған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: Tengri Ltd, 2018. – 667 бет.

УДК 17.02.82

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

**Жақсылық Нүрия Жақсылыққызы**

[jaqsylyqnuriya@gmail.com](mailto:jaqsylyqnuriya@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, Карипбаев Ж.

Қазақ халқының поэзиясы барлық рухани-мәдени қазынаның ішіндегі тарихы тереңнен келе жатқан ең молы, бағалысы болып табылады. Прозалық жанрдан бұрын халықтың дәстүр-салтына, өмір-тіршілік жағдайына орай көп ғасырлар бойы поэзия жетекші өнер саласы болып келді. «Поэзия - өнердің асыл тегі. Өзге өнердің бәрінің өзін біреуде қолданатын құралының мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысымнан, тар өрісті боп келеді. Поэзия адамның еркін тілімен берілгендіктен, онда үн де, сурет те және пайымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Мұқағалидан бергі заманда әдебиетке, өлең дейтін саф өнерге талай буын келді. Қазір заман да, қоғам да, соған орай өмір де, адам да - өзгерген шақ. Абай, Махамбет, Мағжан, Ілияс дәстүрін дәріптеп, қазақ өлеңінің жұлдызын жарқыратып, көкке көтерген: Қасым, Ғафу, Жүмекен, Мұқағали, Фариза, Тұманбай, Қадыр сынды ақындардан қара үзіп кетпесе де, жаңа ақындарға із салған кешегі: Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан, Темірхан, Мұхтар, Иранбек, Исраил, Ұлықбек, Есенғали. Осынау кешегі жас, бүгінгі бас ақындардың тынымсыз ізденістері, құдай берген құдірет дарындары нәтижесінде қазақ поэзиясына жаңа ақындардың тегеуірінді легі келіп қосылды. Әдебиетке 80-жылдардың соңы, 90-жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетіне нағыз тәуелсіздік рухын алып келді. Айталық, Ұлықбек Есдәулетов, Есенғали Раушанов, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Серік Ақсұңқарұлы, Светқали Нұржан, Гүлнар Салықбаева, Жанна Елеусіз, Жанат Әскербекқызы, Нұрлан Мәукенұлы, Маралтай Райымбекұлы. «Толқыннан толқын туады» дегендей, осы ақындарымыздың ізін басып келе жатқан жас толқынның бар екенін айтпай кету мүмкін емес. Одан кейінгі буын ішінде Дәулеткерей Кәпұлы, Танагөз Толқынқызы, Ақберен Елгезек, Ардақ Нұрғазы, Тоқтарәлі Таңжарық, Ұларбек Нұрғалым, Қуаныш Дәлей, Гүлманат Әуелхан, Ықылас Ожай, Ырысбек Дәбей, Серік Боқан, Азамат Тасқараұлы, Ерлан Жүніс, Бауыржан Қарағызұлы өлеңдері жоғары бағаланса, ал біздің өз қатарластарымыздың арасында Дәурен Тілеухан, Ақбота Бейбітбек, Дәулет Жадырасын, Сезім Мергенбай, Ақжан Аманжол, Еламан Төлеутай, Арқалық Әмалият, Ғылымнұр Кәдірбай, Рысгүл Досжанова т.б. айтуға болады. Олар сөз өнеріне бұрынғы ағалары салған соқпақпен емес, тың, жаңаша, мүлде басқа көзқараспен келді. Буырқанып, арындап, арқырап жаңа леппен, жаңа үнмен келді. Олар қолдан тағдыр жасап, сары уайыммен күңірене бергенді әсте ұнатпады. Олар мадақ жырын жазып, жеке басты дәріптеп, ешкімнің сойылын соқпады, ешкімге болыспады, жалтақтамады. Олар сылдыр сөз бен бояма көбіктен гөрі шынайылықты биік қойды. Олар әлем әдебиеті мен мәдениетін шығармашылық ізденіс үстінде өздерінше оқып-үйреніп, шығармашылық процесс үстінде өздерінше кәдеге жаратып жүр. Олар дегеніміз кімдер? Иә, біз бүгін жаңа

заман әдебиетін, өткен буыннан да, аға буыннан да басқа қалыпта ұсынып жүрген жастар шығармашылығы, соның ішінде поэзиясы туралы сөз қозғамақпыз.

Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев «...Жасырақ кездеріңізде, бойларыңда қуат бар кезде көбірек оқып, көру жадыларыңызбен қоса миларыңыздың жұмыс жасауын құлпыртыңыздар... Қазіргі жігіттер әдемі сөйлейді, ал, жазған кезде қате-қате жазады...қазақтың поэзиясындай мықты поэзия жоқ» дегенді айтады. Әуелі, біз табиғаттың сыры, Алланың дүниемен қарым-қатынасы, адамның мәні, Жаратқанға қатысты, құдай аманаты, періштелер мен жын-шайтандар, өмір мен өлім, жұмақ пен тамұқ туралы жазылған өлеңдерді қарастырдық. Айталық, ақын Ерлан Жүніс:

«... Жазам дедім қалам берді Тәңірім,  
Ашам дедім ғалам берді Тәңірім,  
Қара өлеңді маған берді Тәңірім,  
Бар әлемді саған берді Тәңірім!»- десе енді бірде:  
- Өмір сүргім келеді кейде менің,

Шынымен бар шығармын осы өмірде?!.-дейді. Иә, ақын болу, қалам ұстау, тек тәңірісінің қалауымен маңдайға жазылады емес пе? Ал екінші өлеңде ақын жанының еркіндікке ұмтылуын көреміз. Келесі Ақберен Елгезектің мына өлеңінде:

Әкем – Тәңір, өзің – Ұмайсың, мама,  
Ал, мен – Құдайдың баласымын.  
Сен бәрібір маған ұнайсың, мама,

Көзімдегі қарашығым [2,48] - дейді. Жалпы ақынның көп өлеңдерінде тәңірі мен көк бөрінің тотемі жиі қолданылады. Ол туралы бір сұхбатында:

– «Тәңіршілмін» деп айтып қалсам, ол менің Құдайшылығым. Әр адамның ішінде екінші жан иесі өмір сүреді. Менің ішімде көк бөрінің рухы бар. Кейде қатты қиналған сәттерімде ұлып-ұлып алатыным бар. Шерім тарқап, кәдімгідей жеңілдеп қалам» [2,108]- деп ағынан жарылады.

Бүгінгі күнде қоғамда өлең төңірегінде көп айтылып жүрген арнаның бірі -батыстық үлгі. Батыстық үлгі өзінің бастауын Абай мен Шәкәрімнің аударма жырларынан алады. Бұл үрдіс қазіргі жас буынның өлеңдерінен де көрініс тауып жүр. Батыстық үлгінің белгілері өлең тіліндегі сөздік қолданыстар еуропаша көзқарас және аудармаларды мысал етеміз. Жастар поэзиясындағы батыстық үлгіде жазып жүрген Салтанат Қайырбектің 2021 жылдың күзінде өзінің «Барокко болмыс» өлеңдер жинағы жарық көрді. Алдымен «Барокко» сөзіне анықтама беріп өтсек мынадай: бұл сөз екі түрлі мағынада қолданылады. Алғашқысы итальян тілінде barocco - «оғаш», «шектен шығуға бейім» деген мағынаны береді. 17-18 ғасырларда Еуропада ерекше дамыған архитектурадағы, музыка және әдебиеттегі ерекше стиль [3, 34]. Ал екінші мағынасы-ерекше пішініді маржандар. Аталған екі ұғымда ақын қыздың бойында бар қасиеттер. Барокколық болмыстың иесі Салтанат сұхбатында былай дейді: «Өзіңіз ойлаңызшы, өлген соң шайырлардың шын бәсекелесі Шекспир мен Абай, Гете мен Пушкин болады. Бұл дегеніңіз, бір жағынан, үлкен жауапкершілік пен сұмдық бәсеке ғой. Түсінесіз бе, кәсіби өнерде «орташа» немесе «нашар» ұғымдары деген атымен болмайды» - деп өлең шумақтарын келтіреді. Поэзия береді көңілдің сұлбасын!

Жан іздеп, ойлары ойына шақ келер  
Сөз болып, жыр тастар.  
Жақсылар бір-бірін «Ағалап», «Әпкелер».  
Жақсы ақындар – құрдастар! [4]

Ақынның айтқысы келгені «Жақсы ақындар-құрдастар» деген байламда жатыр. Ақындар деңгейге бөлінбейді, бір толқында болады дей отырып ақындық жауапкершілік туралы ой тастайды.

Салтанат өлеңдерінде қазақы ұғымдағы сөздер мен жаңа сөздерді қатар қолданумен ерекшеленеді. Еркін аудармамен айналысады. Оның «Бернат хат жазды Эстерге» туындысы ерекше аударма стилін көрсетті.

Бернат хат жазды Эстерге:

– «Отбасым және үйім бар  
тұқымымнан дарамын, сыйым бар.  
Джессті жүгіртем әр таңда,  
ал түнде мұз қосып ром ішем.  
Ал сені көргенде - күрмеліп қаламын,  
білсең ғой соны сен.... !»

Бернард хат жазды Эстерге:  
«Үйімнің алдында тоған тұр,  
шомыламыз деп балалар  
айта салады-ау маған құр.  
Өрін де көргем, төрін де,  
бәрін де - Сингапур, Бейрут,  
ислан фьордын да,  
әр жеріне дейін,  
сомалийдің кеніне дейін.  
Бірақ, өзіңнен айрылсам,  
Өлемін!

Өмірдің жетіп шегіне дейін!» [5]

Хат түрінде жазылған шығармада Бернард ғашығы Эстерге сезімін білдіреді. Біздің кейіпкерлер көршілес қалаларда, елдерде, мүмкін әртүрлі континенттерде тұрады. Анығында біз кейіпкерлер туралы көп біле бермейміз. Сондықтан Бернард өзі туралы айтуды қажет деп санайды - ол ересек, үйленген адам, оның ересек балалары бар, оның өмірінде бәрі бақылауда. Біздің ойымызша, Бернард пен Эстердің қарым-қатынасы әлеуметтік желіде өрбейді. Бернард Эстерге ынтық болатындай олардың ортақ қызығушылықтары бар болуы мүмкін. Бәлкім кино, театр, әдеби ортада танысқан болар. Басты кейіпкер бір уақытта өмір сүрсе де, олардың арасында алшақтық бар екенін түсінеді. Оның ақшасы, мәртебесі, бизнесі-бұл оның өткен дәуірінің нышандары, ал оның жастық шағы мен болашағы бар. Ол ешқашан көрмейтін және білмейтін нәрсеге ие болады.

Бұл оқиға ХХІ ғасырда желіде кездескен әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан екі жалғыз жүректің сезімдері туралы баяндалған. Салтанаттың еркін аудармасы өлеңнің түп нұсқадағы мағынасын сақтаған. Сонымен қатар аударуға келмейтін қазақтың төл сөздерін ұтымды пайдаланған.

Қазіргі қазақ поэзиясына интеллектуальдық-философиялық бағыттағы терең ой иірімдер, метафоралық тың образдар мен ізденістер тән.

Қазақ поэзиясының даму өрісін әдеби үдеріс негізінде үнемі қадағалап, дереу үн қатып, басты жайларын айқындап, бағыт-бағдар бергендігін біз жоғарыда келтірілген мысалдардан анық байқадық.

Көркем өнер – өмір шындығының айнасы. Ал өмір шындығы ұшы-қиырсыз кең дүние. Әлеуметтік орта, саясат, халық тұрмысы - бәрі де өмір шындығының көріністері. Жалпы кез-келген көркем туынды өмірдің өзінен тамыр тартып, бастау алады. Ал өмір дерегін жаңаша көзқараспен сұрыптап, көркем мазмұнға айналдыру ақындар мен жазушылардың еншісінде. Мұнда шығармашылық иесінің өмір тәжірибесі, ой тұжырымы, суреткерлік шеберлігі, көркемдік ізденісі үлкен маңызға ие болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мақатаев М. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2002.
2. Елгезек А. Көлеңкелер күбірі.- Астана :Фолиант, 2009 .- 48, 108 бб.
3. Алтаев Ж.Философия және мәдениеттану.-А:2000
4. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/barokko-bolmys\\_23468](https://adebiportal.kz/kz/news/view/barokko-bolmys_23468)
5. <https://www.youtube.com/watch?v=8zgMw12RvAE>